



Әрқайсымыздың  
дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ  
МАРТА

Важен голос  
каждого из нас!

## РЕФЕРЕНДУМ

### ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СЕНАТА: РЕФЕРЕНДУМ – ЭТО ИСТОРИЧЕСКИЙ ЭТАП В РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА



Встреча Спикера Сената Парламента Маулена Ашимбаева с общественностью области Жетысу под названием «Новая Конституция – прочная основа долгосрочного развития» состоялась сегодня в Талдықоргане. Центральной темой стало обсуждение норм новой Конституции с фермерами, рабочими, активной молодежью, депутатами маслихатов и представителями этнокультурных объединений.

В ходе встречи с депутатами маслихатов и представителями региональной Ассамблеи народа Казахстана Председатель Сената акцентировал внимание на том, что 15 марта казахстанцам предстоит принять важное решение на референдуме. По его словам, конституционная реформа имеет стратегическое и историческое значение для устойчивого развития страны, укрепления демократических принципов и комплексного обновления политической системы. Предлагаемые изменения, являющиеся логичным и последовательным продолжением инициатив Президента страны, направлены на формирование современной эффективной модели государственного управления и обеспечение последовательной

трансформации институтов власти.

«Республиканский референдум по новой Конституции – это исторический этап в реализации курса Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева на глубокую и системную модернизацию страны. Принятие ключевых решений о будущем Казахстана с опорой на волеизъявление граждан является наглядным подтверждением приверженности принципам демократии. Приоритетная задача конституционной реформы заключается в укреплении Независимости и повышении благосостояния граждан. В этой связи в проекте нового Основного закона особое внимание уделено верховенству закона и правопорядка, защите прав и интересов граждан, а также устойчивому развитию страны», – сказал Маулен Ашимбаев.

В условиях глобальных вызовов и международной турбулентности, как отметил Спикер Сената, особую значимость приобретает модернизация правовых основ государства, позволяющая стране эффективно адаптироваться к современным мировым тенденциям и последовательно укреплять норматив-

но-правовую систему.

В проекте Конституции четко зафиксированы ключевые ориентиры дальнейшего развития – человеческий капитал, укрепление государственности, Независимости и суверенитета, а также сохранение внутриполитической стабильности и общественного согласия.

«Главной особенностью новой Конституции является человекоцентричность – внимание к правам и интересам граждан становится ключевым элементом государственной политики. В проекте Основного закона права человека рассматриваются не как декларативные положения, а в качестве ключевого принципа и конкретных задач, включая доступ к качественному образованию, эффективной системе здравоохранения, социальной защите и возможностям для реализации личного потенциала. Считаю важным подчеркнуть, что практическая реализация этих принципов предусматривает участие всех институтов: Курултая, Правительства, акиматов, маслихатов и представителей гражданского общества. Эти шаги отражают общую ответственность за благополучие нашей страны», – сказал Председатель Палаты.

Обсуждая участие молодежи в реализации реформ, Спикер Сената отметил важность активности и вовлеченность молодежи в конституционные процессы. По его словам, эффективность реформ неразрывно связана с профессионализмом молодых специалистов. В данном контексте молодежь проявила высокий интерес к деятельности общественных проектов и экспертных площадок при Сенате, ориентированных на подготовку аналитиков нового поколения, включая Клуб экспертов и Школу аналитики.

### БЕЙБІТ ИСАБАЕВ: ОБЛЫСТАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ЖАҚСЫ ЖӘНЕ ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ - 95%



Жалпы Жетісу облысы арқылы өтетін 1050 км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 100 %-ды, жергілікті маңызы бар 3 мың км жолдар бойынша 95 %-ды құрайды. Бұл туралы бүгін селекторлық режимде өткен Үкімет отырысында автожол саласын дамыту туралы баяндаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев сөйлей деді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл көрсеткіштерге бірқатар жобаларды іске асыру арқылы қол жеткізілді, оның ішінде ірілері ретінде республикалық маңызы бар 498 км «Талдықорған-Достық», 248 км «Сарыөзек-Қорғас» және облыстық маңызы бар 132 км «Талдықорған-Балқаш көлі» бағытындағы автомобиль жолдарын жөндеу жобаларын атауға болады. Өңір басшысының айтуынша, Жетісу облысы аумағында автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 4,0 мың км. Осы жолдардың нормативтік жағдайын қамтамасыз ету мақсатында өңірде 2024 жылдан бастап 10 автоматтандырылған өлшеу станциясы (АСИ) орнатылған.

Сондай-ақ облыс басшысы өз сөзінде апатты көпірлер мәселесінің шешілу барысына да тоқталды.

Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 108 көпір орналасқан. Оның ішінде 15 көпір апатты деп танылған болатын. Оларды көпірді реконструкциялау және күрделі жөндеу мақсатында жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленді. Бүгінгі күнде 5 көпірдің күрделі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді, сегізі бойынша қайта жаңғырту жұмыстары биыл күзде толық аяқталады. Жалпы, апатты көпірлер толықтай биыл реконструкциядан және күрделі жөндеуден соң пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр, – деді Б. Исабаев.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай, сол сияқты фотосуреттерді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

### ЖЕТІСУДА БІР КҮНДЕ ҮШ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ НЫСАНЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ



– Бүгін біз заманауи жедел әрекет ету кешенін ашып отырмыз. Біздің мақсат – құтқарушыларға лайықты қызмет жағдайын жасап, халыққа барынша жедел әрі сапалы көмек көрсету. Біз азаматтық қорғау жүйесін жаңғырту бағытын кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеміз, ал Талдықорған – осы жүйелі жұмыстың жарқын үлгісі, – деп

атап өтті.

Сол сияқты облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев та өз сөзінде Төтенше жағдайлар министрлігі мен жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеті апатты жағдайдың алдын алу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін тілге тиек етіп, бұл орайда өңірде азаматтық қорғаныс саласына қолдау көрсету тұрақты жалғасатынын жеткізді.

Салтанатты жиын аясында өңірлік ТЖД қызметкерлеріне және өрт сөндіру бөлімі ғимаратын жаңғырту жұмысына үлесін қосқан азаматтарға ведомстволық наградалар табысталды. Сонымен қатар бірқатар үздік қызметкерлер мен жобаға қатысушыларға кәсібилігі мен өңірдің

қауіпсіздік жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасы берілді. Ғимараттың лентасы қиылып, символдық кілті табысталғаннан кейін қонақтар ғимараттың ішін аралап көрді.

40 жылдан астам уақыт бойы толыққанды жауынгерлік бөлімше ретінде жұмыс істемеген бұл нысан толықтай жаңартылды. Ғимаратта техникаға арналған заманауи бокстар, әкімшілік-тұрмыстық бөлмелер, оқу сыныптары, демалыс бөлмелері, асхана және душ бөлмелері жабдықталған. Жеке құрам үшін спорт алаңы, шағын футбол алаңы және воркаут аймағы қарастырылған. Бұл олардың жоғары деңгейдегі дене даярлығын сақтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ осы күні Төтенше жағдайлар министрі Көксу және Кербұлақ аудандарындағы өрт сөндіру

бөлімдерінің ашылу салтанатына қатысты.

Атап өтсек, Көксу ауданы Балпық би ауылындағы 1940 жылы салынып, апатты жағдайда болған өрт сөндіру депосы жергілікті бюджет қаржысына жаңадан тұрғызылды. Ал Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылындағы №9 өрт сөндіру бөлімшесі 1994 жылы салынып, содан бері жөндеу көрмеген болатын, биыл реновациядан кейін жаңа кейіпте пайдалануға ұсынылды.

Жалпы, 2025 жылы «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Қаратал ауданының Алмалы ауылында, Ескелді ауданының Ақын Сара ауылында 2 өрт сөндіру пункті ашылса, биыл облыстың 26 елді мекеніне салу жоспарлануда.

Бұған қоса, республикалық бюджет есебінен Талдықорған қаласында 4 шығатын қақпасы бар өрт сөндіру депосының құрылысы жүріп жатыр, тамыз айында аяқталады деп жоспарланған. Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Қанат Өмірлинов.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында бір күнде үш өрт сөндіру бөлімі қолданысқа берілді. Талдықорған қаласындағы Көксу және Кербұлақ аудандарындағы жаңадан салынған және қайта жаңғыртылған өрт сөндіру бөлімдерінің ашылу салтанатына өңірде жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов пен облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев қатысты, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы күні алдымен Талдықорған қаласындағы алғашқы әмбебап құтқару бөлімшесі ашылды. Құтқарушылармен бірге Апаттар медицинасы орталығының жеке құрамы орналасқан өрт сөндіру бөлімі өрт сөндірушілер мен апаттар медицинасы мамандарын бір шаңырақ астына біріктірген көпфункционалды жедел әрекет ету кешенін құруға мүмкіндік берді.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Шыңғыс Әрінов:

## ЖЕТИСУДА ӘМБЕБАД НЫСАН – СПОРТ ЗАЛЫ БАР МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ



Алғыс айту күнінде Жетісу облысының ауылдық елді мекенінде тағы бір әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Ақсу ауданы Н.Есеболатов ауылында дене шынықтыру залымен біріктірілген 180 орындық жаңа мәдениет үйі ел игілігіне берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шараға аудан әкімдігінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының өкілдері, жергілікті ардагерлер, жастар, ауыл тұрғындары қатысты.

Ашылу салтанатында жаңа нысанның лентасы қылып, өнерпаздар концерттік

бағдарлама ұсынды. Мұнан соң келушілер ғимараттың ішін аралап көрді.

Атап айтсақ, заманауи мәдениет нысанында сахна, көрермен залы, қосымша үйірме бөлмелері бар. Мұнда 4 үйірме - «Ардагерлер» және «Ақ әжелер» ансамбльдері, «Эстрадалық вокал» және «Жас тілші» үйірмелері тұрақты жұмыс жасайды, оларға 43 адам қатысып жүр. Жаңа нысанда қосымша 5 жұмыс орны ашылды.

Сондай-ақ мұнда спорт зал да қарастырылған. Оның жалпы ауданы – 668 ш. м. Залда волейбол, баскетбол, шағын футбол, үстел теннисімен айналысуға мүмкіндік жасалған, оған қоса жаттығу залы да бар.

Нысан ерекше қажеттілігі бар азаматтардың инфрақұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз етуге толық бейімделген.

Ауыл тұрғындары бұл мәдениет ошағы 2 мыңнан астам тұрғыны бар ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және бұқаралық спортты жандандыруға таық серпін беретінін айтады.

- Жаңа мәдениет үйінің ашылуы – тұрғындар үшін үлкен қуаныш, ол ауыл өміріне рухани өзек болады деп ойлаймыз. Бұған дейін мәдениет саласының мамандары ауылдық округ әкімдігінің ғимаратында отырған болатын. Ал спорт залы тек мектепте ғана болды. Енді жаңа ғимаратта түрлі мерекелі іс-шаралар, қоғамдық жиындар, жастарға арналған спорттық және шығармашылық жарыстар ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Балаларымыз бен немерелеріміз өнермен де, спортпен де еркін айналыса алады. Олардың түрлі үйірмелерге қатысып, өзін жан-жақты дамытуына жағдай жасалған. Осындай игі істің Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келуінің өзі - жақсылық, – дейді ауыл ақсақалы Молдахмет Сағымбаев.

Атап өтсек, жоба құрылысы 2024 жылғы сәуірде басталған болатын. Құрылыстың жалпы ауданы – 2 мың ш.м. астам.

Жалпы, өңірде жыл соңына дейін 9 мәдениет нысаны салынып бітіп, іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Фотосуреттерді Ақсу ауданының әкімдігі ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ӘДІЛЕТТІ ӘРІ ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ

Әрбір мемлекеттің дамуы мен болашағы оның негізгі заңына тікелей байланысты. Сол себепті Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің саяси жүйесінің, құқықтық тәртібінің және қоғамдағы тұрақтылықтың басты тірегі болып саналады. Бүгінгі таңда жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Конституция Қазақстанды тұрақты, әділ және заманауи мемлекетке айналдыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып отыр.

Мемлекет дамуының жаңа кезеңінде қоғамның талаптарына сай өзгерістер жасау – уақыт талабы. Осы тұрғыда Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға және демократиялық қағидаларды нығайтуға бағытталған. Конституцияға енгізілген өзгерістер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтті.

Жаңа Конституциялық өзгерістердің басты мақсаты – әділетті қоғам қалыптастыру. Әділетті қоғам дегеніміз – әр азаматтың құқығы тең қорғалатын, заң үстемдігі орнаған, адамдардың еркін дамуына мүмкіндік берілген мемлекет. Мұндай қоғамда әрбір адам өзінің болашағына сеніммен қарап, ел дамуына белсенді қатыса алады.

Сонымен қатар Конституциядағы өзгерістер билік тармақтарының теңгерімін нығайтып, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы ашықтық пен сенімді күшейтіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады. Демек, жаңа реформалар Қазақстанның демократиялық даму жолын одан әрі жалғастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Елімізде түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп келеді. Бұл тұрақтылықтың басты кепілі – заң үстемдігі мен азаматтардың құқықтарының тең қорғалуы. Ал мұның барлығы Конституция негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа Конституция – Қазақстанның болашақ дамуының берік негізі. Ол елімізді тұрақты, әділ және заманауи мемлекетке айналдыруға бағытталған маңызды құжат болып қала береді. Сондықтан әрбір азамат Ата Заңды құрметтеп, оның қағидаларын сақтай отырып, елдің дамуына өз үлесін қосуы тиіс. Бірлігіміз бен ынтымағымызды сақтай отырып, біз Қазақстанның жарқын болашағын бірге қалыптастыра аламыз.

Самат Сапар

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНІҢ ҚОРҒАНЫ



Қоғамның тұрақты дамуы мен мемлекеттің берік іргетасының қалыптасуы ең алдымен оның Конституциясына байланысты. Конституция – елдің негізгі заңы ғана емес, ол халықтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын маңызды құжат. Сондықтан жаңа Конституцияның қабылдануы – ел өміріндегі тарихи әрі маңызды қадам.

Жаңа Конституцияның басты мақсаты – халықтың мүддесін қорғау, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ету және әділетті қоғам қалыптастыру. Бұл құжат мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді

нығайтып, билік пен халықтың өзара жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, заң үстемдігін қамтамасыз ету арқылы әрбір азаматтың тең құқықта өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Конституцияда адам құқығы мен бостандығы ең жоғары құндылық ретінде қарастырылады. Әр азаматтың білім алуға, еңбек етуге, пікірін еркін білдіруге және әділ сотқа жүгінуге құқығы бар екендігі айқын көрсетілген. Бұл нормалар қоғамдағы әділдік пен теңдікті нығайтуға бағытталған.

Жаңа Конституция мемлекет басқару жүйесін де жетілдіруге мүмкіндік береді. Билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдік сақталып, олардың жауапкершілігі арта түседі.

Бұл өз кезегінде демократиялық қағидалардың нығаюына және халықтың мемлекет ісіне белсенді қатысуына жол ашады.

Сонымен қатар, Конституция елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да серпін береді. Заң талаптарының айқын болуы инвестиция тартуға, кәсіпкерлікті дамытуға және азаматтардың әлауқатын арттыруға ықпал етеді. Тұрақты құқықтық орта елдің болашағына сенімді нығайтады.

Жаңа Конституция – халықтың мүддесін қорғайтын, елдің дамуына бағыт-бағдар беретін маңызды құжат. Ол қоғамдағы бірлік пен тұрақтылықты сақтауға, әділетті әрі демократиялық мемлекет құруға негіз болады. Сондықтан Конституция талаптарын құрметтеу – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Талғат Байымбетұлы

## МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру құқық бұзушылықтардың алғышарттарын жоюға және қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитетті қалыптастыруға бағытталған кешенді, көпдеңгейлі жұмысты білдіреді. Ведомство қызметі 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 6-бабында мазмұндалған қағидаларға негізделеді. Негізгі назар зардаптармен күресуден терең превенцияға және тәуекелдерді жүйелі түрде жоюға аударылған.

Бұл саладағы негізгі шаралардың бірі процестердің ашықтығын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын қамтамасыз ететін салықтық және кедендік әкімшілендіруді ауқымды цифрландыру болып табылады. «Салық төлеушінің кабинеті», «Электрондық шот-фактуралар», «АСТАНА-1» және «KEDEN» АЖ сияқты жүйелерді енгізу лауазымды тұлғалардың салық төлеушілермен тікелей байланысын барынша азайтуға мүмкіндік береді. «Адами факторды» жою сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудегі және бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимыл рәсімдерін оңайлатудағы шешуші құралға айналады.

Құрметпен,  
Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы!

## МЕРЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ В ОРГАНАХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ

В современных условиях реализация антикоррупционной политики в органах государственных доходов Республики Казахстан представляет собой комплексную, многоуровневую работу, направленную на искоренение предпосылок для правонарушений и формирование устойчивого иммунитета к коррупции. Деятельность ведомства осуществляется в строгом соответствии с Концепцией антикоррупционной политики на 2022–2026 годы и базируется на принципах, изложенных в статье 6 Закона РК «О противодействии коррупции». Основной акцент смещен с борьбы с последствиями на глубокую превенцию и системное устранение рисков.

Одной из ключевых мер в данной сфере является масштабная цифровизация налогового и таможенного администрирования, обеспечивающая прозрачность процессов и соблюдение антикоррупционных стандартов. Внедрение таких систем, как ИС «Кабинет налогоплательщика», ИС «Электронные счета-фактуры», «АСТАНА-1» и «ИС KEDEN», позволяет минимизировать прямую контакт должностных лиц с налогоплательщиками. Исключение «человеческого фактора» становится решающим инструментом в снижении коррупционных рисков и упрощении взаимодействия бизнеса и государства.

С уважением,  
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

## ЗАҢДЫ БІЛУ ӨЗ МҮДДЕЛЕРІНДІ ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Құқықтық мемлекет деген ұғым жай ғана әдемі тұжырым емес, ол күнделікті өмірімізде нақты көрініс табуға тиіс қағида. Мемлекеттің басты тірегі заң, ал заңның шынайы күші оны азаматтардың білуі мен құрметтеуінде. Біздің мемлекетіміздің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы. Бұл құжатта әрбір азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген. Заң мен сот алдында теңдік, меншік құқығын қорғау, еңбек ету еркіндігі, ар-ождан бостандығы мұның бәрі қағаз жүзіндегі декларация ғана емес, нақты кепілдік берілген құқықтар. Алайда құқықтардың заңда жазылуы оларды автоматты түрде қорғайды дегенді білдірмейді. Құқықты қорғау үшін оны білу, түсіну және дұрыс пайдалану қажет.

Сот тәжірибесінде жиі кездесетін жағдайлардың бірі азаматтардың өз құқықтық қатынастарының мазмұнын толық түсінбеуі. Еңбек шартын оқымай қол қою, несие келісімінің талаптарына мән бермеу, мүлкітік құқықтарды уақытылы тіркемей жүру, шағым беру мерзімін өткізіп алу мұның бәрі кейін дауға айналып жатады. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі азаматтық айналымдағы қатынастарды нақты реттейді, ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қоғамға қауіпті әрекеттер үшін жауаптылықты белгілейді. Бірақ осы нормаларды білмеу жауапкершіліктен босатпайды және көбіне құқықты қорғауды қиындатады.

Құқықтық сауаттылық тек даулы жағдай туындағанда ғана қажет емес. Ол күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі. Пәтер сатып алу, кәсіп бастау, интернет арқылы келісім жасау, дербес деректерді қорғау мұның бәрі құқықтық салдары бар әрекеттер. Әсіресе цифрлық технологиялар кең тараған кезеңде алаяқтық тәуекелдері артып отыр. Осындай жағдайда азамат өзінің заңды мүмкіндіктерін, қорғану тәсілдерін және міндеттерін нақты білуге тиіс.

Заңды білу тек құқықтарды талап ету емес, сонымен қатар жауапкершілікті сезіну. Әрбір құқық белгілі бір міндетпен қатар жүреді. Қоғамдық тәртіпті сақтау, өзгенің құқығына құрметпен қарау, шарт талаптарын адал орындау құқықтық мемлекеттің негізі осында. Заңға селқос қарау, «білмедім» деген уәжге сүйену құқықтық салдардан құтқармайды.

Сот құқықты қорғаудың соңғы сатысы. Алайда құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда көптеген даулар сотқа жетпей, заң аясында өзара келісіммен шешіледі. Өз талабын нақты негіздей алатын, дәлелдерін уақтылы ұсынатын, процессуалдық құқықтарын дұрыс пайдаланатын азамат сот процесінің тиімділігіне де оң ықпал етеді. Бұл өз кезегінде әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай айтқанда, заңды білу бұл жеке қауіпсіздік, әлеуметтік тұрақтылық және азаматтық жауапкершіліктің кепілі. Өз құқығын білетін адам өз мүддесін қорғай алады, ал құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда әділдік пен тәртіп орнығады. Сондықтан әр азамат құқықтық білімін үздіксіз жетілдіріп, заңға құрметпен қарауы тиіс. Заң үстемдігі өркениетті мемлекеттің басты белгісі, ал оны жүзеге асыратын саналы әрі құқықтық сауатты қоғам.

ГУЛЬНАРА АСЕЛБАЕВА  
Ескелді аудандық сотының судьясы

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің дамуы мен болашағы оның негізгі заңына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің саяси тұрақтылығы мен құқықтық жүйесінің басты тірегі болып табылады. Уақыт талабына сай енгізілген өзгерістер мен жаңашыл бастамалар Қазақстанды әділетті, заманауи әрі дамыған мемлекетке айналдыруға бағытталған.

Қоғам дамыған сайын заңнамалық жүйе де жаңарып отыруы қажет. Сондықтан жаңа конституциялық өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл реформалар қоғамдағы әділеттілікті нығайтып, халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруға бағытталған.

Жаңа Конституцияның басты ерекшеліктерінің бірі – адам құқықтары мен бостандықтарына басымдық берілуі. Заң алдында барлық азаматтың теңдігі қамтамасыз етіліп, әр адамның қадір-қасиеті мен еркіндігі қорғалады. Бұл – демократиялық қоғамның негізгі қағидаттарының бірі. Сонымен қатар мемлекет халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, білім мен денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Осы реформаларды жүзеге асыруда Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған бастамалардың маңызы зор. Президент ұсынған өзгерістер билік тармақтарының теңгерімін нығайтып, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Бұл өз кезегінде елдегі саяси жүйені жаңғыртып, ашық әрі тиімді басқару жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Елімізде түрлі этнос өкілдері бірлік пен татулықта өмір сүріп келеді. Конституция осы тұрақтылық пен келісімнің басты кепілі болып табылады. Заң үстемдігі мен азаматтардың құқықтарының қорғалуы қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізін қалайды.

Жаңа Конституция – ел дамуының маңызды кезеңін айқындайтын құжат. Ол Қазақстанды тұрақты, әділетті және заманауи мемлекетке айналдыруға бағытталған. Сондықтан әрбір азамат Ата Заңды құрметтеп, оның қағидаларын сақтай отырып, елдің дамуына өз үлесін қосуы тиіс. Бірлік пен ынтымақ сақталған жерде ғана мемлекетіміздің болашағы жарқын болмақ.

Али Асқарұлы

## 15 МАРТА – БУДУЩЕЕ СТРАНЫ В РУКАХ КАЖДОГО ГРАЖДАНИНА

15 марта в Казахстане состоится референдум по новой Конституции. Это событие имеет огромное значение для всей страны. Референдум – не просто формальная процедура, это уникальная возможность для каждого гражданина повлиять на будущее государства. Сегодняшние решения определяют завтра, и каждый голос имеет свою ценность.

Я не призываю голосовать «за» или «против». Главная цель участия – проявить гражданскую позицию и сделать осознанный выбор. Референдум – это момент, когда мнение каждого человека становится частью истории страны. Активная позиция граждан укрепляет доверие между обществом и властью, способствует формированию прозрачной и справедливой системы управления.

Участие в референдуме – это не только право, но и ответственность. От того, насколько активно граждане примут участие в голосовании, зависит стабильность и развитие страны. Референдум отражает зрелость общества и готовность граждан участвовать в судьбе государства.

Конституционные изменения, которые будут обсуждаться, направлены на укрепление прав и свобод граждан, совершенствование институтов власти и обеспечение справедливости в обществе. Новый основной закон создаст прочную основу для социально-экономического развития страны, поддерживает инвестиционную привлекательность, стимулирует предпринимательство и повышает качество жизни населения.

Каждый голос – важен. Каждый гражданин имеет возможность внести свой вклад в будущее страны, проявив активность и ответственность. Референдум – это шанс стать частью истории, сделать свой выбор осознанно и со всей ответственностью.

Будущее страны начинается с действий каждого из нас. Не оставайтесь равнодушными. Придите на референдум 15 марта и используйте своё право голоса. Сегодняшний выбор – это завтрашняя жизнь всей страны.

О.Рақымбекова

## МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ



Әрбір азамат үшін ең басты міндеттердің бірі – өз елінің мүддесін қорғау және дамыту. Мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуы азаматтардың саналы әрекеттеріне тікелей байланысты.

Бұл – тек қағаз бетінде тұрған міндет емес, біздің күнделікті өмірімізде көрінетін іс-әрекет.

Елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуы әрқайсымыздың белсенділігімізге байланысты қалыптасады. Сондықтан мемлекет мүддесіне қызмет ету – әр азаматтың борышы және қоғам алдындағы жауапкершілік. Конституция – еліміздің құқықтық негізі, қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті

қамтамасыз ететін басты құжат. Ол мемлекет құрылымын, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Сонымен қатар, Конституция қоғамдағы әр адамның құқығын қорғай отырып, әділеттілікті қамтамасыз етеді. Елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі, оның ішінде саяси тұрақтылық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы Конституцияға тікелей байланысты.

Конституция – бұл тек қағаздағы ереже емес, ол біздің күнделікті өмірімізге бағыт беретін, қоғамды біріктіретін және мемлекет мүддесін қорғауға шақыратын құжат. Мысалы, азаматтық белсенділік, заңдарды сақтау, әділ шешімдер қабылдау – бәрі Конституцияның талаптарын орындаудың көрінісі. Осы арқылы әрбір азамат мемлекеттің дамуына өз үлесін қосады.

Еліміздің болашағы әрқайсымыздың қолымызда. Саналы таңдау жасау – азаматтық жауапкершіліктің негізгі көрсеткіші. Референдумға немесе сайлауға қатысу арқылы әрбір азамат өз даусымен елдің даму бағыттарын айқындай алады. Алдағы 15 наурызда өтетін референдум – дәл осы мүмкіндікке ие болу сәті.

Саналы таңдау жасау тек өз мүддеміз үшін ғана емес, келер ұрпақтың болашағы үшін де маңызды. Әр дауыс – елдің саяси өміріне әсер ететін күш. Сондықтан әр азамат өз міндетін сезініп, референдумға қатысуы тиіс. Бұл – мемлекет мүддесіне қызмет етудің нақты көрінісі.

Мемлекет мүддесіне қызмет ету тек саяси белсенділіктен ғана тұрмайды.

Ол біздің күнделікті әрекетімізде де көрінеді: білім алу, еңбек ету, қоғамға пайдалы бастамаларға қатысу, заңдарды сақтау – бәрі мемлекет мүддесін қорғауға шақыратын формасы. Қоғамдық жауапкершілік әрбір азаматтың жеке өмірінен басталады, бірақ оның әсері бүкіл елге таралады.

Азаматтық жауапкершілік – бұл тек құқық емес, сонымен қатар борыш.

Мемлекет дамуының көрсеткіштері әр азаматтың белсенділігіне байланысты. Сондықтан әрбір азамат өз міндетін сезініп, өз үлесін қосуы керек. Референдумға қатысу – ең көрнекті мысалдардың бірі.

Қорыта келгенде, мемлекет мүддесіне қызмет ету, Конституцияны құрметтеу және саналы азаматтық ұстаным – біздің ортақ борышымыз.

Елдің тұрақтылығы мен гүлденуі үшін әрбір азамат өз таңдауын жасап, референдумда белсенділік танытуы қажет.

Еліміздің болашағы біздің қолымызда, сондықтан әрбір дауыс – маңызды және қажетті шешім.

Д.Қанатқызы

## АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ҚАУІПТІ СХЕМАЛАРЫ



Соңғы уақытта интернет пен мессенджерлер арқылы жасалатын алаяқтықтың жаңа түрлері көбейіп келеді. Соның бірі – «тегің сыйлықтар», кітаптар немесе

ерекше контентке қол жеткізу туралы хабарламалар тарату. Мұндай хабарламаларда арнайы сілтеме ұсынылады. Сол сілтеме арқылы өткен адамнан жеке мәліметтерін енгізу немесе белгілі бір қосымшаны жүктеу сұралуы мүмкін. Алайда бұл қосымша зиянды бағдарлама болып шығуы ықтимал. Оның мақсаты – пайдаланушының банктік қосымшаларына немесе жеке аккаунттарына қол жеткізу.

Сондай-ақ романтикалық алаяқтық та кең таралуда. Әлеуметтік желілерде тартымды жалған парақшалар ашылып, адамдар мен сенімді қарым-қатынас орнатылады. Біраз уақыт өткен соң алаяқтар аяқ астынан қиын жағдайға тап болғанын айтып, шұғыл көмек сұрайды немесе «пайдалы инвестиция» ұсынады. Әдетте ақша үшінші адамның картасына немесе криптовалюта арқылы аударуды сұрайды. Ақша алынғаннан кейін байланыс бірден үзіледі.

Бұдан бөлек, мемлекеттік органдар немесе банктер атынан жасалатын жалған қоңыраулар да жиі кездеседі. Алаяқтар өздерін құқық қорғау органдарының қызметкерлері, салық органдарының өкілдері немесе банктің қауіпсіздік қызметі ретінде таныстырады. Олар «күдікті операциялар анықталды», «тергеу жүргізіліп жатыр» немесе «шотыңыз бұғатталады» деп қорқытып, қысым жасайды. Көбіне SMS арқылы келген кодты айтуды немесе ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуды талап етеді. Алайда банктер мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері ешқашан мұндай кодтарды сұрамайтынын және ақша аударуды талап етпейтінін есте сақтау керек.

Тағы бір жаңа тәсіл – алаяқтық құрбандарына қайтадан хабарласу. Олар өздерін заңгер немесе арнайы қызмет өкілі ретінде таныстырып, «жоғалған ақшаны қайтарып беруге көмектесеміз» деп уәде береді. Бірақ бұл қызмет үшін алдын ала төлем сұрайды. Нәтижесінде адам тағы да қаржылық шығынға ұшырауы мүмкін.

Сонымен қатар жалған пәтер жалға беру немесе тауар сату туралы хабарландырулар да қауіпті. Алаяқтар өте арзан баға ұсынып, «брондау» үшін алдын ала төлем талап етеді. Кейде олар танымал сайттарға ұқсас жалған парақшаларға сілтеме жіберіп, сол жерде банктік деректерді қайта енгізуді сұрайды.

Мұндай жағдайларға тап болмау үшін әрдайым сақ болу қажет. Ақшаны шұғыл аудару туралы кез келген талап күмен тудыруы тиіс. Бейтаныс адамдарға SMS кодтарын, құпиясөздерді, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) немесе банктік карта деректерін беруге болмайды. Егер күмәнді қоңырау түссе, банкке немесе мемлекеттік органға тек ресми нөмірлер арқылы өзіңіз хабарласқан дұрыс. Сондай-ақ белгісіз сілтемелерге өтпеу және тек сенімді дереккөздерден ғана қосымша жүктеу маңызды.

Қосымша қауіпсіздік үшін құрылғылардағы бағдарламаларды үнемі жаңартып, екі факторлы қорғаныс жүйесін қолданған жөн.

Егер алаяқтық әрекет орын алса, ең алдымен банктік картаны дереу бұғаттап, банкке хабарлау және полицияға арыс беру қажет. Неғұрлым тез әрекет етсеңіз, соғұрлым шығынды азайту мүмкіндігі жоғары болады.

Қазіргі алаяқтықтан қорғанудың басты жолы – ақпараттандырылған болу және сақтық таныту. Ақпаратты мұқият тексеріп, асығыс шешім қабылдамау арқылы көптеген қауіптің алдын алуға болады.

## 15 НАУРЫЗДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН СӘТ

Қазіргі таңда Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының тұрақтылығы әрбір азаматтың белсенділігіне тікелей байланысты. Сол себепті 15 наурызда өтетін референдум – тек формальды іс-шара емес, тарихи мәні зор маңызды оқиға. Бұл референдум әрбір азаматқа өз елінің болашағына үлес қосуға мүмкіндік береді, ал бүгінгі таңда қабылданатын шешімдер ертеңгі күннің негізін қалайды.

Референдум – демократияның айқын көрінісі. Ол әрбір азаматқа өз пікірін білдіруге және елдің даму бағытында шешуші рөл атқаруға мүмкіндік береді. Әр дауыс – маңызды, әр пікір – салмақты. Сол себепті бұл іс-шараға бейжай қарамау – азаматтық борышымыздың бір көрінісі. Ел тағдыры әрқайсымыздың белсенді қатысуымызға тікелей байланысты.

Қоғамдағы демократиялық институттардың дамуы – елдің тұрақтылығы мен сенімділігінің кепілі. Азаматтардың референдумға қатысуы билік пен халық арасындағы сенімнің нығаюына, қоғамдағы диалогтың өркендеуіне жол ашады. Референдум нәтижелері – тек заңдық өзгерістер ғана емес, елдің саяси мәдениетінің, азаматтардың құқықтық санасының және жауапкершіліктің көрінісі.

Қоғамның тұрақты дамуы мен мемлекеттің берік іргетасының қалыптасуы ең алдымен оның Конституциясына байланысты. Конституция – елдің негізгі заңы ғана емес, ол халықтың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, мемлекеттің саяси-құқықтық жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын маңызды құжат. Сондықтан жаңа Конституцияның қабылдануы – ел өміріндегі тарихи әрі маңызды қадам.

Конституцияда адам құқығы мен бостандығы ең жоғары құндылық ретінде қарастырылады. Әр азаматтың білім алуға, еңбек етуге, пікірін еркін білдіруге және әділ сотқа жүгінуге құқығы бар екендігі айқын көрсетілген. Бұл нормалар қоғамдағы әділдік пен теңдікті нығайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, референдум елдің экономикалық дамуына да әсер етеді. Заңнамалық және конституциялық өзгерістер инвестициялық ахуалды жақсартуға, кәсіпкерлікті дамытуға, азаматтардың әлауқатын арттыруға ықпал етеді. Тұрақты құқықтық және саяси орта болашаққа сенімді қадам жасауға мүмкіндік береді.

Әрбір азамат өзінің дауысымен қоғамдағы әділдік пен теңдікті нығайта алады. Референдум – тек мемлекетке емес, әрқайсымызға жеке жауапкершілік жүктейтін маңызды сәт. Сондықтан әрбір адам өз даусын беріп, елдің болашағына үлес қосуы қажет.

Қорытындылай келе, 15 наурыздағы референдум – ел тағдырын айқындайтын маңызды қадам. Бұл тек саяси шара емес, әрбір азаматтың өз елінің болашағына жауапкершілікпен қарауының көрінісі. Болашақ бүгіннен басталады, және ол әрқайсымыздың белсенді қатысуымызбен ғана сенімді әрі тұрақты болады. Әр дауыс – елдің бірлігі мен дамуының кепілі. Сондықтан өз құқығыңызды пайдаланып, референдумға қатысып, елдің тағдырын бірге қалыптастырайық.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА

Важен голос каждого из нас!

# РЕФЕРЕНДУМ

## ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## БЮЛЛЕТЕНЬ ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаем ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня. Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важен голос каждого из нас!  
Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

## ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шеіріндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## ОТКРЕПИТЕЛЬНОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право на участие в референдуме.

При необходимости внести какие-либо изменения Вы сразу сможете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума. В случае перемены гражданином места своего пребывания он вправе с 27 февраля 2026 года до 18 часов 14 марта 2026 года получить открепительное удостоверение на основании заявления в участковую комиссию референдума. Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности.

При предъявлении открепительного удостоверения участковая комиссия референдума в день голосования включает гражданина в список на участке его пребывания. Открепительное удостоверение не выдается гражданам, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населённого пункта.

Важен голос каждого из нас!  
Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

## МОТИВАЦИЯ – САПАЛЫ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ



Қазіргі білім беру кеңістігі қарқынды өзгеруде. Цифрландыру, ақпараттық ағынның көбеюі және қоғам талаптарының жаңаруы мектеп мұғаліміне үлкен жауапкершілік жүктейді. Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел дамуының тірегі.

Сондықтан білім беру үдерісіндегі басты мақсат – тек пәндік білім қалыптастыру емес, өздігінен ойлайтын, талдай алатын, өмірде қолдана білетін тұлға тәрбиелеу.

Мұғалім ретінде менің кәсіби ұстанымым – сапалы білімнің негізі мотивацияда деп есептеймін. Оқушыда ішкі қызығушылық болмаса, берілген білім ұзақ сақталмайды. Ал шынайы ынта қалыптасқан жағдайда оқушы тек тапсырманы орындап қана қоймай, білімді түсініп, оны

## ЕСКЕЛДІЛІКТЕР ПРОГРЕССКЕ ҮН ҚОСТЫ



«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалициясының өкілдері Арыстанғали Арын, Рахмет Есдаулетов, Мейрман Тлеуберлинов, Жеңіс Жолдыбаев, Сайран Жасұланұлы, Жанат Оспанов Ескелді ауданында жергілікті тұрғындармен ашық диалог жүргізді.

Алғашқыда Арыстанғали Арын Жаңа Конституция жобасы әлеуметтік бағыттағы нормалар да кеңінен көрініс тапқанын атап өтті.

– Жаңа Ата заң жобасында халықтың тұрмысына қажетті жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі халыққа тиесілі екені нақты айқындалған. Сонымен бірге, мемлекет азаматтардың денсаулығын сақтауға, сапалы білім алуға және әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беретін нормалар нақтыланады. Яғни, «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидат жаңа Конституция жобасында берік орныққан, - деді спикер.

Артынша сөз тізгінін тартқан Рахмет Есдаулетов жаңа жобанда тұрғындардың өмір сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік және экономикалық қолжетімділікті кеңейту, ауыл шаруашылығын қолдау, фермерлер мен агроөнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту, жергілікті өндірісті нығайту, табиғи ресурстарды экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып тиімді пайдалану турасындағы мәселелер таразыланғанын жеткізді.

– Конституция негізінен мемлекет мүддесі мен өкілеттігін қамтыған болса, жаңа Ата Заң ел дамуының адами өлшемін енгізді. Сол үшін адам құқықтары негізгі басымдық ретінде айқындалды. Жаңа Ата заңда «адам» деген сөз қазіргі Конституциямен салыстырғанда 1,5 есе көп қолданылған, яғни, 76 рет аталған. Бұл да жайдан жай емес. Мәселе қайта-қайта аталуында емес, мәселе – көптеген нормаларда адамның мүддесі, адамның құқықтары қамтамасыз етілген, - деді Рахмет Есдаулетов.

Кездесу барысында қатысушылар конституциялық бастамаларды іске асыру мәселелері бойынша ұсыныс-пікірлерін айтты. Жалпы жиынның ашық форматта өтуі ұжым мүшелеріне өз пікірін білдіруге және өзекті сауалдарға жауап алуға мүмкіндік берді.

Қалимолданова Айгерім Нұрбекқызы,  
«Мичурин атындағы негізгі орта мектебі МДШО» КММ, биология пәні мұғалімі.

## ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА ҚАЛҒАН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ



Ж.Жабаев ақын туғанына 180 жыл

Жамбыл Жабаев – халық жадындағы ұлы тұлға. Қазақ халқының поэзия әлемінде айрықша орны бар, жыр дүлдүлі

атанған Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуы – ел рухани-ақындығы үшін маңызды мереке.

Жамбыл – жыршылық дәстүрдің жалғастырушысы ғана емес, халықтың мұңын мұңдап, жоғаны жоғана шындығын жырлана қосқан ұлы ақын.

Ескелді ауданында кітапханасында қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толлуына орай оқырмандар арасында өнеге сабақ өтті.

Жамбыл – айтқы өнерінің хас шебері. Ол талай ақынмен сөз қағыстырып, суырыпсалма қабілетімен танылды. Ақынның шығармашылығы кең тынысты, тақырып аясы да бай.

Ол халық өмірін, ел бірлігін, ерлік пен батырлықты жырға қосты. Жамбыл жырларының басты ерекшелігі – қарапайымдылық пен шынайылық.

Ол сөзді жүректен шығарып, тыңдаушы жүрегіне жеткізе білді. Сондықтан да оның есімі халық жадында мәңгі сақталды. Ақын шығармалары бүгінгі ұрпақ үшін де құндылығын жойған жоқ. Олар – ұлттық рухты, елдік санын қалыптастыратын асыл мұра.

Жамбыл Жабаев – тек өткеннің емес, бүгіннің де ақыны. Оның жырлары тәуелсіз елдің рухани байлығын арттырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді. 180 жылдық мерейтойы – ұлы ақынның өлмес мұрасын ұлықтап, кейінгі буынға кеңінен насихаттаудың жарқын көрінісі. Халық жадында қалған Жамбыл – ғасырлардан ғасырларға жалғасатын асыл сөздің иесі, қазақ поэзиясының шамшырағы.

Р.Әбдірахман,  
Ескелді аудандық кітапханасының кітапханашысы:

## МАМАНДЫҚ ТАЛДАУ – ӨМІР ТАЛАБЫ



Қазіргі таңда мамандық таңдау – әр адамның өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Уақыт өткен сайын қоғам дамып, жаңа технологиялар пайда болып, еңбек нарығы өзгеруде. Сондықтан мамандықты дұрыс таңдау – болашаққа жасалған сенімді қадам.

Мамандық – бұл жай ғана табыс көзі емес, адамның өмірлік бағыты, өзін-өзі жүзеге асыру жолы. Әр адам өз қабілетіне, қызығушылығына және мінез ерекшелігіне қарай мамандық таңдауы қажет.

